KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2017 жылғы 26 қаңтар

KAZ MINERALS ТОБЫ 2016 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ІС-ҚЫЗМЕТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

2016 жылы KAZ Minerals Тобы 2015 жылмен салыстырғанда катод эквивалентіндегі мыс өндірісін айтарлықтай арттырды: өткен жылда мыс өндірісі 73% артып, 140,3 мың тоннаны құрады. Бұл жылдық 135-145 мың тонна аралағындағы жоспарлы көрсеткіштерге сай. Сульфидті кендерді өңдейтін Бозшакөл кен байыту фабрикасы 2016 жылы катод эквивалентіндегі 44,8 мың тонна мыс өндірсе, тағы 18,1 мың тонна катодты мыс Ақтоғайдағы тотыққан кендерді қайта өңдеу кешенінде өндірілген. 2016 жылы ілеспе өнімдердің өндірісі жоспарлы көрсеткіштерден асып түсті.

Есепті кезеңде өндірілген кеннің көлемі 2015 жылмен (14,5 млн тонна) салыстырғанда үш есе артып, 49 млн тоннаға жеткен. Бұл Бозшакөл мен Ақтоғайдағы өңдеу кәсіпорындарын қажетті кен көлемімен қамтамасыз ету мақсатындағы тау-кен жұмыстарының артуына байланысты. 2015 жылмен салыстырғанда кен құрамындағы мыстың мөлшері күтілгендей аз, яғни 0,66% болды. Себебі, Бозшакөл (0,58%) мен Ақтоғайда (0,41%) құрамындағы мысы аз кендерді өндіру арта түсті.

Бозшакөлдегі кен өндіру 2015 жылдағы 7,1 млн тоннамен салыстырғанда артып, 28,3 млн тонна кенге дейін жетті. Бозшакөл КБК-нің ең жоғары өңдеу қуаты - жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Өндіріс қарқынын арттыру жоспарға сай жүріп жатыр, 2016 жылдың төртінші тоқсанында диірмендердің орташа өткізу мүмкіндігі 75% құрады. Сульфидті кендерді өңдейтін негізгі кен байыту фабрикасы катод эквивалентіндегі 44,8 мың тонна мыс өндірген. Бұл жылдық жоспарлы 45-55 мың тонна аралығындағы көрсеткіштің төменгі шегінің деңгейіне сай. 2016 жылғы 29 қыркүйекте каолин балшығы бар кендерді өңдейтін екінші фабрикада іске қосу-реттеу жұмыстары басталды. Төртінші тоқсандағы алғашқы сынақ барысында аталмыш фабрика 0,2 мың тонна концентраттағы мыс өндірді. Фабриканың өндіріс қуаты 2017 жылы да арта береді. Балқаш мыс балқыту зауытындағы қайта өңдеу қуаты қол жетімді болып жатса, 2017 жылы оған толлинг сұлбасы арқылы Шығыстүстімет кәсіпорындарынан жеткізілетін өнімнің шартымен Бозшакөлден мыс концентратының аздаған көлемі жөнелтілуі мүмкін. Бұл ҚХР өнімді жөнелтумен салыстырғандағы көлік шығындары мен логистикадан үнемдеуге мүмкіндік береді.

2016 жылы Ақтоғай тау-кен жұмыстарын айтарлықтай арттырды. Биыл 16,1 млн тонна кен (2015 жылы - 3 млн тонна) өндірілді. Тотыққан кендерді қайта өңдейтін кешен 2016 жылдың 12 айында 18,1 мың тонна катодты мыс өндірді. Сульфидті кендерді өңдейтін кен байыту фабрикасындағы іске қосу-реттеу жұмыстары 2016 жылғы 6 желтоқсанда басталды. Қазір уақытта жабдықтар сынақтан өтіп жатыр. Алғашқы тауарлы мыс концентратын өндіру 2017 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланып отыр.

Шығыс Қазақстан облысындағы Шығыстүстіметтің кәсіпорындары мен Қырғызстандағы Бозымшақ КБК 2016 жылы 4,7 млн тонна кен өндірді. Бозымшақ КБК-нің толық қарқынмен жұмыс істеуінің арқасында 2015 жылдың көрсеткіштерінен асып түсуге мүмкіндік туды. Бұл активтердің жиынтықты өндіріс көлемі 77,4 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты құрады. Кендегі мыстың орташа мөлшері 2,01%. Бұған дейін хабарланғандай KAZ Minerals Тобы 2016 жылдың соңында баланстық қорлары толығымен өндірілгендіктен Шығыс Қазақстан облысындағы Юбилейно-Снегирихин шахтасындағы кен қазу жұмыстарын тоқтатты. Бір жыл ішінде бұл шағын кәсіпорын 5,5 мың тонна концентарттағы мыс, 0,8 мың унция концентраттағы алтын, 53,0 мың унция концентраттағы күміс және 0,5 мың тонна концентраттағы мырыш өндірген.

12 ай ішінде Топ 75,4 мың тонна мырыш өндірді. Жоспарлы көрсеткіш - 70-75 мың тонна аралығы. Алтын мен күмістің құйма эквивалентіндегі өндірісі де жоспарлы көрсеткіштерден артып, тиісінше 119,7 мың және 3,103 млн унцияны құрады. Ілеспе өнімдер өндірісінің жоспарлы көрсеткіштерінен асып түсуге Шығыстүстімет өндірген кеннің құрамындағы оның жоғары мөлшерінің және Бозшакөлдегі алтынның жоғары мөлшерінің арқасында қол жетті.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Олег Новачук былай деп мәлідеді: «2016 жылы біз мыс бойынша да, ілеспе өнім бойынша да жоспарлы көрсеткіштерді орындағанымызға көңілім толады. Бұған дейінгі жылмен салыстырғанда катод эквивалентіндегі мыс өндірісінің 73%-ға артуын қамтамасыз еттік, Бозшакөл КБК және Ақтоғайдағы тотыққан кендерді өңдейтін кешендегі өндірісті арттыруды сәтті іске асырып келдік. Бозшакөлдегі жаңа жабдықтарға техникалық қызмет көрсетудің талаптары күтілген межеден аз болғандықтан, ол оның операциялық шығындарына жағымды әсер етті. Біз жалпы ақшалай өзіндік құнның бұған дейін айтылған бір фунт үшін 140-160 АҚШ центі аралығындағы көрсеткіштің төменгі шегінен 20% төмендеуін күтіп отырмыз. Бозшакөлдің жобалық қуатына шығуы барысында және Ақтоғайда сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру басталғанда біз 2017 жылы өсімді жалғастырамыз».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	**Tel: +44 20 7901 7814**
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	**Tel: +7 727 244 03 53**
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	**Tel: +7 701 421 04 18**

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде, сонымен қатар Павлодар облысы мен ШҚО орналасқан Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде жүргізеді. 2016 жылы катод эквивалентіндегі мыстың жалпы өндіріс көлемі 140 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 75 мың тонна концентраттағы мырыш, құйма эквивалентіндегі 120 мың унция алтын мен 3,103 млн. унция күміс өндірілді.

Топтың негізгі өркендеу жобалары – Бозшакөл мен Ақтоғай - саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырмақ.

Операциялық шығындар бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші жобалар арасында бірінші квартильге кіреді. Бозшакөл КБК кен байыту фабрикаларының жылдық жобалық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды. Кен орнының пайдалану мерзімі – 40 жылдан астам. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын катодты эквивалентегі 100 мың тонна мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кен орнының пайдалану мерзімі - 50 жылдан астам. Кендегі мыс мөлшері 0,37% (тотыққан кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда тотыққан кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында басталды, ал сульфидті кеннен алғашқы мыс концентратын өндіру 2017 жылғы бірінші тоқсанның аяғында басталады деп күтілуде. Сульфидті кенді қайта өңдейтін кен байыту фабрикасының жылдық қуаты 25 млн тоннаны құрайды. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші жобаларының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Өндіріс көлемі - алғашқы 10 жылда жыл сайын сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және тотыққан кеннен өндірілетін 15 мың тонна катодты мысты құрайды.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон, Қазақстан және Гонконг қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.

Бұл хабарламалада ішкі ақпарат бар.